

**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ**

**Мемлекеттік және ана тілдерін оқыту бойынша
оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, шығару және тарату
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңына, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» және тағы да басқа нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес, мемлекеттік тілді оқыту бойынша үздік оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу мен олардың баспа және электронды нұсқасын шығаруды ұйымдастырудың талаптарын белгілейді.

1.2. Ереже талаптарын мемлекеттік тілді оқыту бойынша үздік оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуші авторлар, олардың үздіктерін анықтаушы сараптама комиссиясы мен баспа және электронды нұсқасын шығаруды ұйымдастырушылар, редакторлар мен корректорлар т.б. салалық мамандар орындауға міндетті.

2. ҰСЫНЫЛАТЫН ӨНІМДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Сараптау комиссиясы мемлекеттік тілді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде келесі әдістемелік еңбектерді қарастырады.

2.1. *Оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал* – ересектер мен балаларға, шетелдік азаматтарға тіл үйрену үдерісінде және оқытушылар мен әдіскерлерге тіл үйрету үдерісінде қолданылатын жаңа технологиялар мен озық тәжірибелер негізінде дайындалған әдістемелік құрал (сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге, басқа да салалық қызметтерге арналған әдістемелік құралдар мен өнімдер ұсынуға болады).

2.2. *Оқу-әдістемелік кешен* – тіл үйренушінің білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған оқулық, оқу құралдарына ілесіп болатын жекелеген оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы.

2.3. *Әдістемелік нұсқаулық* – тіл үйрету әдістемесінің мәселелері қамтылған және оқу-әдістемелік кешенді дұрыс қолдану тәсілдерін баяндайтын оқытушылар мен әдіскерлерге арналған жетекші құрал.

2.4. *Әдістемелік жинақ* – ғалымдардың, әдіскерлердің әдістеме тақырыбындағы еңбектері топтастырылған жинақ.

2.5. *Жұмыс дәптері* – тіл үйренушілерге арналған оқу құралының қосымша дәптері.

2.6. *Мәтіндер жинағы* – тіл үйренушілерге арналған көркем, публицистикалық, танымдық мәтіндер жинағы.

2.7. *Тілашарлар* – тіл үйрету мақсатында қолданылатын, белгілі бір лексикалық мазмұнды қамтитын балаларға, ересектерге, туристерге т.б. арналған екі, үш, көптілді тілашарлар.

2.8. *Тіл үйренуге арналған дидактикалық материалдар* (карточкалар, аудио/бейне жазбалар, қолданбалы т.б. өнімдер).

2.9. *Оқу сөздігі* – оқу мақсатында құрастырылған тілдің лексикалық құрамын ұйымдастырып, оқыту мен үйретуді бағыттауға көмектесетін бір немесе көптілді сөздік. Мемлекеттік тілді оқыту, үйрету мақсатында құрылған сөздіктер. Оқыту сөздігінің 3 негізгі функциясы болады: оқыту, анықтама беру, жүйелеу.

3. САРАПТАУ КОМИССИЯСЫ

- 3.1. Мемлекеттік тілді оқыту бойынша ұсынылған оқу-әдістемелік құралдардың ішінен үздіктерін іріктеу үшін арнайы сараптау комиссиясы құрылады.
- 3.2. Комиссия құрамына қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдар, тіл мамандары, әдіскерлер, келіп түскен материалдардың түрлеріне қарай т.б. мамандар кіреді.
- 3.3. Комиссия құрамын Тіл саясаты комитеті бекітеді.
- 3.4. Сараптау комиссиясының отырысы ұйымдастырылады.
- 3.5. Комиссия жұмысының нәтижесі жабық дауыс беру арқылы анықталады.
- 3.6. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауыс шешуші дауысқа ие болады.
- 3.7. Ұсынылған еңбектермен танысу үшін комиссия мүшелеріне еңбектердің электрондық нұсқалары мен аннотациясы, ұсыныс хаттары және еңбектің бұрын жарық көрмегені туралы кепіл хат алдын ала жолданады.
- 3.8. Комиссия жұмысы хаттама ретінде рәсімделеді, комиссия мүшелерінің пошталарына хаттама жобасы жолданады, келісілген соң қағаз күйінде шығарылып, қолдары қойылады.
- 3.9. Сараптау комиссиясының төрағасы мен мүшелері өз өнімдерін ұсына алмайды.
- 3.10. Бұрын жарық көрген өнімдер қабылданбайды.

4. САРАПТАУ КОМИССИЯСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 4.1. Ұсынылған еңбектер Қазақстан Республикасындағы Қазақстан Республикасындағы Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының бағыттарына, индикаторларына және осы Ереженің 2-ші тармағына сай болуы қажет.
- 4.2. Еңбектердің мазмұны еліміздегі тіл саясатына, қоғамдық этикаға, моральдық талаптарға сай болуы тиіс.
- 4.3. Ғылыми-әдістемелік құралдар мемлекеттік тілді үйрету әдістемесін жетілдіру немесе тілдерді үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну бағытында дайындалған болуы керек.
- 4.4. Әдістемелік құралдар қазақ тілін үйретудің қазіргі заманауи талаптарына сәйкес болуы қажет.
- 4.5. Ұсынылған еңбек бұрын мемлекеттік тапсырыс бойынша жарық көрмеген болуы керек және авторлар оны растайтын кепілхат береді. Кепілхат автордың қолымен және қызмет ететін мекеменің мөрімен расталуы қажет (3 қосымша).
- 4.6. Ұсынылған еңбектерді сараптама барысында жаңашылдығына, заманауи технологияны қолдану деңгейіне басымдық беріледі.
- 4.7. Ұсынылған еңбектерге міндетті түрде сол сала бойынша 2 (екі) ғалымның пікірі болуы керек.
- 4.8. Ұсынылған еңбектер мазмұнының дәлдігіне, тілдік сауаттылығына және деректердің растығына авторлар жауап береді.
- 4.9. Сараптау комиссиясы мақұлдаған еңбектің авторлық құқық (ISBN алу) өнім берушінің жауапкершілігінде.
- 4.10. Іріктеуден өтпеген өнімдер қайта қарауға және талқылауға жатпайды (өтпегені туралы анықтама немесе негіздеме берілмейді).

5. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1. Ереже Қоғамның tilalemi.kz сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылады.

5.2. Өнімдерді тілдерді оқыту орталықтары (жеке, мемлекеттік), тіл үйретуде тәжірибесі бар жеке тұлғалар, шетелдік азаматтарға қазақ тілін үйрету әдістемесі бойынша тәжірибесі бар ұйымдар мен мекемелер ұсына алады: tilortalyk@mail.ru

Байланыс телефоны:

8 7172 44-88-68

+7 701 318 48 18

+7 708 325 66 95

5.3. Өтінімдер 2024 жылдың 26 наурызынан бастап 30 маусымға дейін қабылданады.

5.4. Өтінімге төмендегі материалдар қоса беріледі:

- 1) Осы ереженің **1-қосымшасындағы** нысанға сәйкес толтырылған өтініш;
- 2) Осы ереженің **2-қосымшасындағы** нысанға сәйкес толтырылған өнім туралы анықтама;
- 3) Ұсынылған өнім А4 форматында, Times New Roman қаріп түрімен, №14 өлшеммен, «бірлік» жол аралығымен терілген еңбектер электронды нұсқада PDF форматында (CD диск) ұсынылып, авторлары, жетекші ұйымдары көрсетіледі;
- 4) Өнімнің мазмұнына сәйкес аудио және бейне нұсқалары немесе мультимедиялық қосымшалары болған жағдайда әдебиетпен бірге ұсынылады.

6. ӨТІНІМ ЖӘНЕ ОҒАН ҚОСЫМША ҚҰЖАТТАР МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА ҚАРАЛМАЙ, КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

- 6.1. Көрсетілген мерзімінен кеш ұсынылған еңбектер.
- 6.2. Осы ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдер.
- 6.3. Құжаттар тізімі толық тапсырылмаған жағдайда.

1 қосымша

«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы» КеАҚ Бас директоры
М. Жұмабайға

кімнен _____

(заңды тұлғаның атауы; тұрғылықты мекенжайы
немесе заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

Өтінім

Мемлекеттік тілді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу,
шығару және тарату бойынша келесі өнімді қарастыруды сұраймын:

_____.

(автордың тегі, аты, әкесінің аты, еңбектің атауы, тілі, шартты баспа табақтағы
көлемі, бояуы, қысқаша мазмұны)

Өтінімге қоса берілген құжаттар тізімі:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

(заңды тұлғаның атауы)

Мөр орны

Өтінім беру күні « » _____ 20__ жыл

2 қосымша

Өтінімді рәсімдеу

№	Өнімнің атауы	Аннотациясы	Форматы, бояуы, көлемі (шартты баспа табақ)	Авторы
1				

3 қосымша

Кепілхат

Мен
(Біз), _____
_(автор(лар)дың тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің деректері №, берілген күні, берген орган атауы, еңбектің атауы) еңбегінің авторы Мемлекеттік тілді оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, шығару және таратуға ұсынған өнімімнің бұрын мемлекеттік тапсырыс бойынша жарық көрмегеніне және Ереженің 4.5 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда айыппұл төлеуге кепіл беремін.

(аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

Қолы
Мөр орны

« » _____ 20__ жыл